

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарының қадағалауындағы өнеркәсіп салаларында пайдаланатын қауіп-қатері жоғары өзіміздің елде шығарылатын өнімдердің, жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және қолдануға, сол сияқты шет елден әкелінген қауіп-қатері жоғары өнімдерді пайдалануға рұқсат беру тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше Жағдайлар Жөніндегі Агенттігінің 1999 жылғы 29 қарашадағы N 256 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 6 наурыз N 1072. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 469 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкіміне с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Министр

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

5. "Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияның қадағалауындағы органдарға қабылдау сынақтарына рұқсат беру тәртібі, аса қауіпті отандық, сондай-ақ импорттық өнімдердің жаңа үлгілерін сериялық шығаруға және қолдануға рұқсаттар беру туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 29 қарашадағы N 256 бұйрығы...

"Еңбекті қорғау туралы" Z933000_ , "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Z960019_ , заңдарына және "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігі туралы", "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 27 сәуіріндегі N 481 P990481_ және 1997 жылдың 7 шілдесіндегі N 1068 P971068_ бекітілген қаулыларына сәйкес өзіміздің елде шығарылатын және шет елден әкелінген қауіп-қатері жоғары өнімдерді қабылдау сынағына жіберуге, шығаруға және пайдалануға берілетін рұқсатты реттеу мақсатында (технологиялық жабдықтар, машиналар, механизмдер және басқа да бұйымдар) өнеркәсіп салаларындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекцияның қадағалауындағы органдарына

Б ұ й ы р а м ы н :

1. "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарының қадағалауындағы өнеркәсіп салаларында пайдаланатын қауіп-қатері жоғары өзіміздің елде шығарылатын өнімдердің жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және қолдануға, сол сияқты шет елден әкелінген қауіп-қатері жоғары өнімдерді пайдалануға рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқама" бекітілсін.

2. "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарының қадағалауындағы өнеркәсіп салаларында пайдаланатын қауіп-қатері жоғары өзіміздің елде шығарылатын өнімдердің жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және қолдануға, сол сияқты шет елден әкелінген қауіп-қатері жоғары өнімдерді пайдалануға рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқаулықтың" қолданысқа енуіне және орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, техникалық және тау-кен қадағалауы жөніндегі Департаментіне (Оглов В.В.) жүктелсін.

Агенттіктің Төрағасы

Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі агенттігінің
1999 жылғы 29 қарашадағы

N 256 қаулысымен бекітілді

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарының қадағалауындағы өнеркәсіп салаларында пайдаланатын қауіп-қатері жоғары өзіміздің елде шығарылатын өнімдердің, жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және қолдануға, сол сияқты шет елден әкелінген қауіп-қатері

жоғары өнімдерді пайдалануға рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқама

1. Бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқама өзіміздің елде шығарылатын және төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарының бақылауындағы шет ел жабдықтарының жаңа түрлерін (қауіп-қатері жоғары өнімдердің қайтадан құрылған немесе заман талабына сай жаңартылған түрлері) қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және пайдалануға рұқсат беру тәртібі туралы бұрын қолданып жүрген салалық нұсқаманы, Қазақстан Республикасының "Еңбекті қорғау", "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңдарының талабына және "Қазақстан Республикасының Агенттігі туралы", "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция туралы" Ережелерді, соңғы жылдары республикадағы өнеркәсіп салаларының басқару құрылымдарында болып жатқан өзгерістер, тапсырыс берушінің жобалау-конструкторлық ұйымдар, жасаушы-зауыттар (жабдықтаушы) және сынақ жүргізуші орталықтардың өзара әрекеттесе жасаған талдаулары есебінен ауыстырып біртұтас құжат жасау мақсатында жасалынды.

2. Нұсқама төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарының қадағалауындағы өнеркәсіп салаларында пайдаланатын қауіп-қатері жоғары өзіміздің елде шығарылатын өнімдердің жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және қолдануға, сол сияқты шет елден әкелінген қауіп-қатері жоғары өнімдерді (жабдықтарды, машиналарды және механизмдерді, электр техника бұйымдарын, құралдарды, материалдарды және жұмысы қауіп-қатер туғызуға байланысты басқа да бұйымдар) пайдалануға рұқсат берудің тәртібі мен шартын белгілейді.

Республиканың өнеркәсіп салалары бойынша қауіптілігі жоғары өнімдердің тізімі 1 қосымшада келтірілген.

3. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекцияның ұйымдастырушылық құрылымына:

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, техникалық және тау-кен қадағалауы жөніндегі Департаментті (бұдан әрі - Департамент);

Агенттіктің аумақтық органдарының төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі облыстық, қалалық меминспекциялары, Облысаралық және Департаменттің Теңіз меминспекциясы (бұдан әрі - Департамент) енеді.

Облыстық, Астана мен Алматы қалаларының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі инспекциялары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары, Облысаралық

мемлекеттік және мамандандырылған Теңіз инспекциялары (бұдан әрі - инспекциялар) . < * >

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 240 бұйрығымен . V 0 0 1 3 2 8 _

4. Рұқсат қағазы (Меминспекцияның, Департаменттің) меншік нысанына қарамастан, субъектілерге қауіп-қатері жоғары өзіміздің елде шығарылатын өнімдердің жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық шығаруға және қолдануға құқық береді және олардың тау-техникалық, технологиялық және өндірістік жағдайларына байланысты оның қолдану саласын белгілейді.

5. Нұсқама мыналар үшін:

1) ұйымдар, меншік нысанына қарамастан, қауіп-қатері жоғары өнімдерді жасаушы, шығарушы, пайдаланушы және төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Меминспекцияның қадағалауындағы органдарына, кәсіпорындарына, өндірістер мен нысандарына жеткізумен айналысатын басқа да заңды тұлғалар ;

2) сертификаттау жөніндегі органдары, сертификациялық сынау орталықтары және сынау ұйымдары (лабораториялар), салалық институттар, қауіп-қатері жоғары өнімдерді қабылдау сынағынан өткізетін және қауіпсіздік жөніндегі қолданып жүрген нормативті құжаттардың талабына сәйкестігі туралы қорытынды беретін өкілетті инженерлік-методикалық орталықтар (бұдан әрі - орталық) үшін міндетті болып табылады.

2. Бөлім. Өнімдерді қабылдау сынағына жіберу тәртібі

6. Қауіпсіздігі жөнінен жоғары талаптар қойылатын, өнімдердің жаңа түрлерін қабылдау сынағына жіберуді Меминспекция жүргізеді. Меминспекцияның тізбесі 2 қосымшада келтірілген.

7. Қауіптілігі жоғары өнімдердің жаңа түрлерін (партиясын) қабылдау сынағына жіберуге рұқсат алу үшін нысанында сынақ жүргізілетін, мүдделі кәсіпорындар немесе ұйымдар меминспекцияға төмендегідей құжаттар тапсырады :

1) өнімдердің тәжірибелік үлгілерін жасайтын, комиссия тағайындайтын және сынақ жүргізетін ұйымның бұйрығы;
2) < * >

3) тәжірибелік бұйымдардың үлгілеріне кіргізілген (жарылыстан қорғау, электр қауіпсіздігі, ұшқын қауіпсіздігі, дыбыс және тербеліс, электр магниттік қосылушылық және т.т.б.) дайын бұйымдардың қауіпсіздік талабына сәйкестік сертификаты ; < * >

4) < * >

5) даярлаушының құрастырған және сынақ жүргізетін ұйымдармен немесе қауіпсіздік жөніндегі институттармен келісілген сынақ қабылдау бағдарламасы және әдістемесі;

6) техникалық сипаттама, нұсқама немесе монтаждау, эксплуатациялау, жөндеу, бөлшектеу жөнінен нұсқаулар;

7) экологиялық сараптау қорытындысы.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 240 бұйрығымен . V 0 0 1 3 2 8 _

8. Сертификациялау жөніндегі сынақ жүргізетін ұйымдар (лабораториялар) және институттар, сынақ жүргізуге құқық беретін және Қазақстан Республикасындағы өнімдердің қауіпсіздік жөніндегі нормативті құжаттарға сәйкестігі туралы қорытынды беретін орталықтар тізімі 3 қосымшада келтірілген.

9. Сертификациялық сынау орталықтарын, сынау ұйымдарын (лабораторияларын) және салалық институттарды сертификациялау жөніндегі органдар, сертификация, сынақ жүргізу және оларға қорытынды беру, оларды аккредиттеу немесе белгіленген тәртіппен тіркеу туралы қосымша ақпарат.

10. 7 тармақта аталған құжаттар сынақ басталғанға дейін бір ай бұрын түгелімен меминспекцияға тапсырылады. Меминспекция 20 күннің ішінде ұсынылған құжаттарды, өнімдердің үлгілерін қарайды және сол бойынша шешім қабылдайды.

11. Жаңа үлгідегі өнімдерді сынақтан өткізу жөнінде ұсынылған материалдар меминспекцияда 5 жыл бойы немесе сериялы өнімдерді шығарғанға дейін сақталады.

12. Тапсырылған құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, инспекция сынақ жүргізудің қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуге қатысты қосымша материалдарды талап етеді.

13. Сынақ жүргізуге рұқсат берілетін өнімдерді үлгілерінде зауыттан шыққан кестесінде және техникалық құжатында "Сынақ жасайтын" деген белгілері болуы керек.

14. Жабдықтарды монтаждар алдында сынақтан өткізу үшін меминспекцияның рұқсаты болуы керек. Рұқсат беру нысаны 4 қосымшада берілген.

3. Бөлім. Өнімдерге сынақ жүргізу және олардың қорытындысын ресімдеу

15. Үлгілерді (партиялар) сынақтан өткізу, мынадай ұқсас жағдайларда кейін бұл қауіптілігі жоғары өнімдерді, барынша шегіне жеткен техникалық сипаттау кезінде пайдаланылатындай жағдайда жүргізілуі қажет.

16. Сынақ жүргізу үшін шығарушы 15.001-88 ГОСТ-қа сәйкес сынақ жүргізетін комиссия тағайындайды. "Өңдеу және өнімді өндіріске жеткізу жүйелері. Өндірістік-техникаға арналған өнімдер".

Комиссияның құрамына (келісім бойынша) тапсырыс өкілдері, жасаушы, даярлаушы, өңдеушілер, сонымен бірге Меминспекция және Мемлекеттік қадағалаудың басқа да органдары (экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және басқалар) кіреді.

17. Қабылдау сынағын жүргізу жөніндегі комиссиясының жұмысының қорытындысы актімен ресімделеді, онда, конструкциялық кемшіліктерінің бар (жоқ) екендігін қамтитын бөлім және оларды жою жөнінен ұсыным болуы керек.

18. Сынақ жүргізу туралы құжаттары ресімделгеннен кейін 10 күн ішінде даярлаушы сынақ жүргізуге қатысатын ұйымдарға актінің 1 данасын жіберуі тиіс.

19. Сынақтан өткен өнімдердің үлгілерін одан әрі пайдалануын, сынақ жүргізген комиссия анықтайды.

20. Ірі және арнайы жасалынған жабдықтардың жекеленген үлгілеріне, электр техникалық бұйымдарына немесе бірлі-жарымды шығарылған өндірістерге сынақ жүргізу, сынақ жүргізетін ұйыммен Департаменттің келісімі бойынша сынақ жасап шығарған зауытта жүргізілуі мүмкін. Сынақ жүргізетін ұйымдардың ұсынысы бойынша сынақ жүргізудің мөлшері мен тәртібін Департамент анықтайды.

4. Бөлім. Қауіптілігі жоғары өнімдердің сериялық түрлерін шығаруға рұқсат беру және оларды пайдалану

21. Қауіптілігі жоғары өнімдерді сериялық шығаруға және олардың жаңа үлгілерін пайдалануға рұқсатты, даярлаушы-кәсіпорынның ұсынған материалдары бойынша Агенттік Департаменті береді.

Рұқсат қағазының қолдану мерзімі 5 жылға дейін белгіленеді және өнімнің нақты бір түрінің техникалық жағдайда қолдану мерзімін асыруға болмайды.

22. Өнімдердің (4, 5, 6 қосымшалар) жаңа үлгілерін қабылдау сынағына жіберуге, сериялық түрлерін шығаруға және өнімдердің жаңа түрлерін пайдалануға рұқсат алу, оны даярлауға, жеткізуге және оларды арналған салалар бойынша тау-кен техникалық, технологиялық және өндірістік жағдайларда пайдалану оның негізі болып табылады.

Департаменттің рұқсат қағазынсыз жабдықтарды қадағалауындағы кәсіпорындарда, өндірістер мен нысандарда пайдалануға тиым салынады. Өнімнің сол немесе басқа үлгісін шығаруға немесе пайдалануға рұқсат қағазы бар, кәсіпорындардан техникалық құжаттар жинағын сатып алған басқа кәсіпорындардың оны шығаруға және пайдалануға құқы жоқ.

23. Даярлаушы кәсіпорындар өнімдердің жаңа үлгілерінің сериялық түрлерін

шығаруға және пайдалануға рұқсат қағазын алу үшін Департаментке төмендегідей құжаттар өткізеді:

1) сынақ жүргізу хаттамасына сәйкес сертификаты немесе салалық институттардың, орталықтардың (органның сертификаты болмаған жағдайда) қауіпсіздік жөніндегі қолданып жүрген нормативті құжаттарының талабына өнімнің сәйкестігі туралы қорытындысы. Мұндай жағдайда сәйкестік сертификатында немесе институттың, орталықтың берген қорытындысында өнімдерді жинақтау үшін қолданылатын электр техникалық бұйымдарының (куәлігінде) сертификат нөмірі көрсетілуі керек;

2) белгіленген тәртіппен бекітілген, техникалық шарттары;

3) өнімдердің техникалық тізімі және нұсқамасы немесе пайдалану, монтаждау және жөндеу жүргізу жөніндегі нұсқаулығы;

4) қабылдау сынағының актісі;

5) қабылдау сынағын жүргізу кезінде шыққан кемшіліктерді (болған жағдайда) жою жөніндегі даярлаушы кәсіпорынның анықтамасы;

6) сериялық өндірістер кезінде өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштерінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін даярлаушының мүмкіндігін растайтын өндірісті тексеру хаттамасы.

24. Департамент материалдарды алғаннан кейін 30 күн ішінде ұсынылған материалдарды қарап шығады және солар бойынша шешім қабылдайды. Өнімнің үлгісі бойынша қаралатын мәліметтер толық болмаса, даярлаушыдан қосымша мәліметтер сұратылады. Мұндай жағдайда материалдарды қарау мерзімі мәлімет түскен уақыттан бастап саналады.

Материалдарды қарау қорытындысы дұрыс болған жағдайда Агенттіктің Департаменті қадағалауындағы кәсіпорындарда, өндірістерде және нысандарда өнімдердің сериялық түрлерін шығаруға және оларды пайдалануға рұқсат береді.

Рұқсат қағазының бірінші данасы өтініш иесіне, екіншісі сертификациялау жөніндегі органға немесе институтқа, қорытынды берген орталыққа жіберіледі. Рұқсат қағазының бақылау данасы Департаментте қалады. Рұқсат беру нысаны 5 қосымшада келтірілген.

Материалдарды қарауда дұрыс қорытынды шығарылмаса, материалды жіберген кәсіпорынның мекен-жайына қабылданбады деген дәлелді қағаз жіберіледі.

25. Сертификациялау жөніндегі органдар, сынақ жүргізетін ұйымдар, салалық институттар және қауіпсіздік жөніндегі орталықтар әртүрлі аккредитивтелген сынақ жүргізетін орталықтардан және лабораториялардан, олардың аккредиттелген салаларына сәйкес жүргізілген сынақтардан алынған қорытындыларын мойындауы мүмкін.

26. Департаменттің берген уақытша рұқсаты бойынша жекеленген жағдайларда сериялық өндірісті шығаруға дайындау кезінде сынақ жүргізетін ұйымның ұсынған уақытша рұқсатының іс-әрекет мерзімі немесе шығарылатын өнім мөлшері көрсетілген қорытындысының негізінде өнімнің белгіленген сериясын шығаруға рұқсат беріледі.

27. Сынақ жүргізетін ұйым өнімнің нұсқаушы сериясын шығару мүмкіндігі туралы қорытындыны ресімдеу кезінде өнімдердің тәжірибелі үлгілерін қабылдау сынағынан өткізу қорытындысын, оның өндіріс жағдайын, сатылған дайын технологияның өзгерісін ескеруі қажет.

Өнімнің қабылдау сынағынан өткен нұсқаушы сериясының мөлшерін және оның қажеттілігін сынақ жүргізетін ұйым анықтайды. Нұсқаушы сериялық үлгілерді қабылдау сынағынан өткізу хаттамалары сериялы өндіріс шығару қорытындысын ресімдеу кезінде пайдалануы мүмкін, егер олардың берілгеніне 2 жылдан аспаса және сериялық үлгілерінің конструкциясына өзгерістер енгізілмесе.

28. Рұқсат қағазының қолдану мерзімі біткен соң, оны ұзарту берілу тәртібіне ұқсас тәртіппен жүргізіледі. Мұндай жағдайда ұсынылатын материалдардың көлемін қысқартуға сынақ жүргізетін ұйымдардың, институттардың және қауіпсіздік орталығының келісімі бойынша рұқсат беріледі.

5 Бөлім. Қауіптілігі жоғары шет ел өнімдерін пайдалануға рұқсат беру

29. Қауіптілігі жоғары шет ел өнімдерін пайдалануға рұқсатты (шет ел фирмаларында жасалынған және Қазақстанның өкілетті өкілдерінің қатысуынсыз аккредиттелген ұйымдарда сыналған және сынау қорытындысын (сертификаттарын) өзара мойындамағандығы туралы келісімі жоқ жабдықтарға, машиналарға және механизмдерге, материалдарға, электротехникалық бұйымдарға және басқаларына) жабдықтаушы ұсынған материалдар бойынша Агенттік Департаменті береді.

30. Қауіптілігі жоғары шет ел өнімдерін сатып алуда, Қазақстан Республикасында қолданылатын техника қауіпсіздігінің талабына сай сертификациялау жөніндегі органымен (сынақ жүргізу органымен) немесе салалық институтпен, қауіпсіздік жөніндегі орталықпен және Агенттіктің төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою жөніндегі Мемлекеттік инспекция органдарымен бұрынғы қолданылатын сәйкестік бағасына сай шешім қабылданы қажет.

31. Шет ел өнімдерін Департаменттің қадағалауға алған кәсіпорындарында, өндірістерінде және нысандарында қолдануға рұқсат алу үшін өніммен жабдықтаушы Департаментке төмендегідей құжаттарды ұсынады:

1) оны пайдалану және қолдану саласы туралы қысқаша жазылған жолдама

х а т ;

2) Қазақстан Республикасында аккредиттелген сертификациялау жөніндегі органдарының сынақ жүргізген хаттамасы немесе салалық институттардың, қауіпсіздік жөніндегі орталықтың (сертификациялау органы болмаған жағдайда) өнімнің қауіпсіздік жөніндегі нормативті құжаттарының талабына сәйкестігі туралы берген қорытындысы, сәйкестік сертификаты;

3) белгіленген тәртіппен бекітілген, техникалық шарттары;

4) жабдықтарды ұлттық (жабдықтаушы елдер) немесе халықаралық стандарттың талабына сай шығару кезінде, жолдама хатында техникалық шарты болмаған жағдайда қажетті ақпарат беріледі;

5) өнімнің техникалық тізімі және нұсқамасы немесе пайдалану, монтаждау және жөндеу жөніндегі нұсқаулығы.

32. Қазақстан Республикасында аккредиттелген және сәйкестік сертификаты немесе Қазақстанда қолданылатын қауіпсіздік жөніндегі талапқа сай сынақ жүргізетін органның (орталықтың, сертификациялау жөніндегі органның) берген сәйкестік туралы қорытындысы бар ТМД елдерінен түскен өнім, егер тапсырыс беруші қосымша сынақ жүргізу туралы ескертпесе, қосымша сынақтан өткізілмейді.

33. Қазақстанға жеткізілетін өнім үлгілерін сынақтан өткізуге Қазақстанда аккредиттелген сынақ жүргізу орталықтарының мамандарына жабдықтаушы елдің сынақ жүргізетін ұйымдарында сынақ жүргізуге рұқсат беріледі, әрбір нақты өнімге сынақ жүргізу Департаментпен келісіледі.

34. Ұсынылған материалдар дұрыс болған жағдайда, Департамент қауіптілігі жоғары шет ел өнімдерін өзі қадағалауға алған кәсіпорындарда, өндірістерде және нысандарда қолдануға рұқсат береді. Шет ел өнімдерін қолдануға берілген рұқсат нысаны 6 қосымшада келтірілген.

35. Департамент пен Меминспекциялар өздерінің Ережелеріне сәйкес төмендегідей қадағалау функцияларын жүзеге асырады:

1) қабылдау сынағына жіберу сатысынан бастап, қауіптілігі жоғары өнімдердің ережелеріне, қауіпсіздік нормаларына және стандартқа сәйкестігіне мемлекеттік қадағалау жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік комитеті 19.04.1997 ж. бекіткен "Көрсетілген нысандарды дайындауды қадағалау жөніндегі нұсқауларға" сәйкес қазан, көтергіш құрал және газ шаруашылығының нысандары үшін тәжірибе үлгілерін дайындау сатысынан бастап;

3) жабдықтарды дайындайтын, монтаждайтын және пайдаланатын ұйымдар мен кәсіпорындарға конструкциялық кемшіліктерін жою туралы нұсқамаларды орындау, сонымен бірге дайындауда, монтаждаудағы және пайдалануда қауіпсіздігін төмендететін міндеттемелер береді және олардың орындалуын

б а қ ы л а й д ы ;

4) қауіптілігі жоғары өнімдер қауіпсіздік нормасы мен ережелердің талабына және бекітілген жобалау шешіміне сәйкес келмесе, олардың сериялық түрлерін шығаруға және пайдалануға Департаменттің берген рұқсаты және пайдалануға сәйкестік сертификаты жоқ болған жағдайда, сонымен қатар рұқсат құжатының қолдану мерзімі біткен уақытта немесе өнім құжатта көрсетілген талапқа сәйкес келмеген жағдайда өнім шығару тоқтатылады және оны пайдалануға тиым с а л ы н а д ы ;

5) потенциалды қауіпті өндірістер үшін шығарылатын өнімдерді қажет болған жағдайда ереже талабы мен қауіпсіздік нормасына сәйкестігін шығарушы-зауыттарда тексереді.

36. Қауіпсіздік көрсеткіштерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Департамент пен меминспекция Департаменттің берген рұқсатымен өнімдерді дайындауда, шығаруда методикалық нұсқауларға сәйкес инспекциялық бақылау жүргізеді.

37. Даярлаушы кәсіпорындарға зерттеу жүргізуге сынақ жүргізу орталықтарының (лаборатория) және Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі аумақтық органдарының мамандары т а р т ы л у ы м ү м к і н .

Тексеру кезінде қажет болған жағдайда жабдықтарды тексеру сынағынан (инспекциялық) өткізу талап етілуі мүмкін, оның көлемі сынақ жүргізетін ұйымдардың келісімі бойынша бекітіледі.

38. Рұқсат мерзімін қолдану кезінде, өнімнің немесе оның жекеленген элементтері қауіпсіздік талабына сәйкес келмесе немесе өнім жөнінде қарсылық шағым түссе меминспекция жабдықтарға тексеру сынағын жүргізеді.

39. Кәсіпорынды тексеру немесе өнімді сынап бақылау қорытындысы бойынша, тез арада шара қолданып, өнімді белгіленген талапқа сәйкес келтірмесе, онда Департамент жазбаша түрде рұқсат қағазының күшін жояды.

40. Өнімнің сериялық түрін шығаруға және пайдалануға рұқсат қағазын беру туралы шешімнен бас тартса, сонымен бірге Меминспекция мен Департамент және Агенттіктің іс-әрекетін өтініш иесінің Қазақстан Республикасының заңы белгілеген тәртіппен сотқа шағымдануға құқы бар.

Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі агенттігінің
1999 жылдың 29 қарашасындағы
N 256 б ұ й р ы ғ ы н а

1 қосымша

**Жұмысы потенциалды қауіп-қатерге байланысты,
мемлекеттік тау-кен техникалық қадағалау органдарының**

**қадағалауындағы өнеркәсіп салаларында пайдаланатын
қауіп-қатері жоғары өнімдердің (процестердің)
Тізбесі**

1. Тізбе Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің төтенше жағдайларды, техникалық және тау-кен қадағалауды мемлекеттік қадағалау жөніндегі Департаменттің қадағалауындағы өндірістер мен нысандарда пайдаланатын өнімдер (процестердің) жиынтығын қамтиды.

2. Бірдей өндірістер мен нысандарда қолданылатын аттас өнімдерді, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің төтенше жағдайларды, техникалық және тау-кен қадағалауды мемлекеттік қадағалау жөніндегі Департаменттің қадағалауындағы басқа нысандарда да пайдалануға болады.

1. Тау-кен рудасы мен көмір өнеркәсібінде, карьерлерде, уатқыш-сорттайтын,

агломерациялық және байытушы фабрикаларда қолданылатын өнімдер.

1) қауіптілігі жоғары тау-шахта жабдықтары, оның ішінде жарылыстан қорғайтын жинақталған электр жабдықтары:

- тазалағыш және қазушы кешендері, яғни агрегаттар мен комбайндар;
- шахты оқпанын қазу және кен орнын көтеру үшін машиналар мен кешендер;
- механикаландырылған тіреуіштер және ілгіш тіреуіштер;
 - сүргілегіш қондырғылар;
 - кескіш машиналар;
 - тиегіш машиналар;
- адамдар және жүк үшін ленталы конвейерлер;
 - қопарғыш конвейерлер;
- жер асты жұмыстарында қолданатын сақтандырғыш және басқа да шығырлар;
 - шахтаның жылжымалы компрессорлары;
- рудник электр тасушылар, гир тасушылар, дизель тасушылар;
 - өзі жүретін вагонеткалар (вагондар), секциялы поездар;
 - дизельді жетегі бар өзі жүретін машиналар;
 - жолаушы таситын вагонеткалар;
- шахтының көтергіш машиналары, шахты көтермелері, арқандар, шахты көтермелері үшін аспалы және тіркемелі қондырғылар;
 - жер асты лифтілері;
- адамдар және жүк таситын жолдар ылдиға қарай және көлденең адамдарды жеткізетін жолдар;
- жер асты кен орындарындағы арқанмен жүк таситын, кішкене рельсті және

- жер бетіндегі рельсті жолдар;
- шахты вагонеткаларын аударғыштар;
 - жол төсеуші, тірек кеңейткіш, жер асты жұмыстары үшін тиегіш-көлік және жеткізгіш машиналар;
 - тіреуіштерді тұрғызу үшін машиналар мен механизмдер және жер асты кен орындарында төбені байлау үшін өзі жүретін сөрелер;
 - қол және колонкалы электр бұрғылар және электр аралар, бұрғылағыш және опырғыш балғалар, пневматикалық және гидравликалық бұрғылар, жер астында қолданылатын вулканизаторлар;
 - жер асты жұмыстары үшін гидромониторлар;
 - гидроэлеваторлы қондырғылар және жуғыш аспаптар;
 - шахтылар мен рудниктерді желдететін бас және жергілікті желдеткіштер, қауіпті газ бен шаңнан желдететін пневматикалық желдеткіштер;
 - жер асты және жер бетіндегі тау-кен жұмыстары үшін бұрғылағыш қондырғылар және бұрғылағыш станоктар;
 - сиймдылығы 5 куб.м. және одан да артық ожауы бар экскаваторлар;
 - ауыстырып қосқыш пункттер, ашық тау-кен жұмыстарындағы кешенді жылжымалы трансформаторлы аралық станциялар, қосқыш арматуралар;
 - жер асты және ашық тау-кен жұмыстарында қолданылатын кабельдер, баулар және сымдар, қосқыш арматуралар;
 - дабыл бергіш арматуралар, автоматтандыру, су төккіш және желдеткіш қондырғыларының жұмыстарын дистанциялық басқару және бақылау;
 - ашық тау-кен жұмыстарындағы адамдарды тоқпен зақымданудан қорғау қондырғылары;
 - шаңды басатын және шаңды жинайтын қондырғылар және көмір шахтылары үшін шаңды бақылайтын аспаптар;
 - жеке қорғану құралдары (өзін-өзі қорғау, респираторлар, функциялық және электрстатикалық көрсеткіштер бойынша ұшқын қауіпсіздігінен және электр қауіпсіздігінен қорғану құралдары);
 - тау-кен руда және руда емес өнеркәсіптің ұсатқыш кешендері;
 - барлық үлгідегі диірмендер;
 - барлық үлгідегі елек;
 - флотомашиналар;
 - барлық үлгідегі бульдозерлер мен бекіту жабдықтары;
 - гидромониторлар;
 - жер снарядтар;
 - тас кескіш машиналар;
 - тас блоктарын кесу үшін фрезерлер және кескіш тістер;
- 2) 12.2.020-76 ГОСТ бойынша 1 және 2 топтағы өнеркәсіптің қадағалауға

алынған салалары үшін жарылыстан қорғағыш электр жабдықтары.

3) Рудадағы орындағыш электр жабдықтары:

- электр двигательдері;
- іске қосқыш, бөлгіш, қорғану аппаратурасы және қондырғылары;
- трансформаторлар, трансформаторлы шағын стансалар және жинақталған бөлүші қондырғылар;
- күш беретін электр жабдықтары және жинақталған аппаратуралар мен қондырғылар;

2. Мұнай газ шығаратын өнеркәсіптерде геологиялық барлауда, магистральді мұнай-газ - өнімдері құбырларында қолданылатын өнімдер.

1) Мұнай жүретін құбырлардың түрлері:

- Бұрғылау құбырлары, бұрғылау құбырлары мен колонналардың элементтері ;
- айналмалы құбырлар, айналмалы құбырлар мен колонналардың элементтері ;
- насосты-компрессорлы құбырлар, насосты-компрессорлы құбырлардың элементтері ;

- мұнай газ кәсіпшілігі коммуникациясы үшін құбырлар;
- магистральді коммуникациялар үшін құбырлар;

2) Скважиналар үшін жабдықтар (жер үсті және жер асты):

- ауызы бар жабдықтар ;
- қосқыш клапандар ;
- ауа жібермейтін қондырғылар ;
- жабдықтар және автоматты поршенді пайдалану кезіндегі жер асты қондырғылары ;
- штангалы насосы бар скважиналарды пайдалану кезіндегі жер үсті және жер асты жабдықтары ;
- батырмалы насосы бар скважиналарды пайдалану кезіндегі жер үсті және жер асты жабдықтары ;
- мұнай мен газды екінші және үшінші әдістермен өндіру кезіндегі жер үсті және жер асты жабдықтары (су жинағыш құрылғылардың жабдықтары, шығырлы насосты стансалары, ағынды суларды тазалайтын жабдықтар, жылуды шайқалтатын жабдықтар, ішкі қабаттағы жану үшін жабдықтар ;
- жер асты насосты станса жабдықтары, қысыммен толтырылатын скважиналардың жабдықтары, су, -газ, -бу, -ауаны бөлетін пункттер, компрессорлар, компрессорлы қондырғылар, компрессорлы стансалар);
- мұнай газ және қысыммен толтырылатын скважиналардың және мұнай кәсіпшілігі нысандарында пайдалану кезіндегі жер үсті және жер асты жұмыстарына бақылау жасайтын телемеханика және аппаратура жүйелерінің

а с п а п т а р ы ;

- электр жабдықтары және мұнай кәсіпшілігі нысандарының материалдары;
- кен орындарындағы өндіру процесі кезіндегі скважиналардың параметрін және одан алынатын өнімдерді зерттеу үшін жер үсті және жер асты жабдықтары ;

- скважиналарды күшейту және игеру үшін жер үсті және жер асты ж а б д ы қ т а р ы ;

3) Скважиналарды бұрғылайтын жабдықтар:

- бұрғылау қондырғылары және конструкциялық элементтерімен бұрғылау с т а н о к т а р ы ;

- қарсы лақтыратын жабдықтар;
- скважиналарды бұрғылау үшін құрал-саймандар мен материалдар;
- скважиналарды бұрғылау үшін авариялық құрал-саймандар;
- жер үсті және жер асты бұрғылау процесі кезіндегі оның параметріне кешенді бақылау жасайтын аспаптар мен аппаратуралар;
- скважиналарды бұрғылау үшін электр жабдықтары;
